



**ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ҚАРСЫ КҮРЕС  
ТОҚТАМАЙДЫ**

4-бет



**БАЛАНЫҢ  
КӨҢІЛІ  
МУЛІКТЕН  
БАҒАЛЫ**

6-бет



**ӨРТ  
ПЕН  
ҮКІМ**

8-бет

✉ zangazel@mail.ru



№88 (3619) 21 қараша 2023

ТҰЛҒА

**ЖАҚСЫ  
АДАМДАР  
ЖАЙЛЫ ЖЫР  
ТАУСЫЛМАЙДЫ**

# ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІҢ КАУІПСІЗДІГІНЕ КІМ ЖАУАПТЫ?



Ақпараттық технологияның өмірімізге деңдеге енуінің пайдасы мен зияны бірдей болып тұр. Бұл бір жағынан «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызып», көптеген қызметтерді кеңеслерде кезек күттірмей, үйде отырып алуға жол ашса, екіншіден цифрлық ресурстарда сақталатын жеке мәліметтерімізді қолды етіп, түрлі алайқтық құрбанына айналдырып жатыр.

(Соңы 3-бетте)



Елі үшін ерен еңбек етіп, халықтың ықылас-ілтиратына боленген азаматтар аз емес. Улағатты істерімен, қарапайым да адамгершілік қасиеттерімен көптің құрметіне ие болған жандар әрдайым халық жадында сақталмақ. Осындай шоқтығы биік тұлғалардың бірі – Аманжол Қасабекұлы.

Философия ғылымдарының докторы, профессор, ұстаз, ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, Халықаралық Жогары Мектеп Ғылым академиясының академигі, Балтық педагогикалық академиясының құрметті академигі Аманжол Қасабекұлының есімі көпшілікке жақын таныс.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді дана халқымыз. Жаны жайсақ Аманжол ағаның өмір жолы, қызметтік жолы, һәм ұстаздық жолы кім-кімге болса да улғі-өнеге. Өзінің бүкіл саналы ғұмырын халқымыздың рухани өмірін өркендегуе, білім саласын, оның ішінде қазақ философиясын дамытуға сүбелі үлес қосуға арнаған азбаз азамат болатын. Ағамыз ширек ғасырдан астам уақыттан бері ғылым жолында жүріп, атақ пен билік үйсінде тұрса да, өзінің өмірлік принциптерінен ешуақытта айнаған емес. Олар қарапайым ғана ұстаныладар, бірақ, көп адам ұстана алмайтын ұстаныладар.

(Соңы 5-бетте)

САРАП

## НЕКЕ БҰЗУФА НИЕТТИЛЕРДІҢ КӨПТІГІ АЛАНДАТАДЫ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Берекелі шаңырақ – елімізді үйлесімді әрі орнықты дамытудың мызғына кепілі. Сондықтан мемлекет ана мен баланы қорғау жүйесін жетілдіруге, отбасы құндылықтарын ұлықтауға баса мән береді. Әр отбасының әл-ауқатын жақсарту – Әділетті Қазақстанды құру жолындағы негізгі міндеттің бірі», – деген еді.

Отбасы – мемлекеттің негізгі іргетасы. Бәріміз алтын ұямызда «Отан – отбасынан басталады» деген қағидамен ер жеттік. Бойынша мейірімділік пен адалдық, адамгершілік пен тектілік, мәрттік секілді асыл қасиеттер де отбасындағы тәрбиемен бойынша сінді. Үрпақ санасына үлттық құндылықтарға деген көзқарастарды, салт-дәстүр мен даналық сөздерді, тәрбиенін жогары үлгілерін сіңіртіп де – отбасы. Алайда, елімізде шаңырағы шайқалып, сүттей үйіған отбасының бір сәтте берекеті кетіп, соны ажырасумен тыныу кебейіп барады. Өздерінізге белгілі, «саған – әйел, маған – күйеу табылады» дейтін ата-анадан бүрін мұның зардабын тартатын алдымен бала. Сонда төрт құбыласы тен

емес ортада ер жеткен үрпақтан не күтеміз? Өнір соттарындағы неке бұзу даулары бойынша 2020 жыл мен 2023 жылдар аралығына статистикалық есеп жүргізілді. Бірақ, соттағы неке бұзу даулары бойынша жасалған бұл статистика көnlіді көншітпесі анық. Мәселен, 2020 жылы неке бұзу бойынша соттарға 2650, 2021 жылы – 3271, 2022 жылы – 3484, 2023 жылдың 9 айында 2899 талап қою түсken. Бұл цифrlар елімізде жыл сайын неке бұзуга ніеттілердің көбейіп отырганын көрсетті.

Сондықтан, судья ретінде соттарда осынай-дай неке дауларының алдын алу мақсатында жұмыстар жүргізіп, некені сақтап, жұптарды қайта жараптыруға «тамшыдай» үлес қосу азаматтық парызым деп білемін. Бүгінде сот-

тарда арналы татуластыруши судьялар бар. Шама-шарқымыз келгендеге сотқа ажырасамын деп келгендерді татулық шақырамыз, арналы уақыт белгілейміз. Алайда, уақыт біріне жетсе, біріне жетпей жататыны жасырын емес. Мысалы, 2020 жылы соттармен неке бұзу бойынша 627 татуласу келісімі бекітіліп, 14 іс татуласумен қайтарылса, 113 іс татуласумен қараусыз қалдышырылды. Ал, 2023 жылдың 9 айында татуласумен қайтарылғаны – 159, татуласумен қараусыз қалдышыраны – 559-ға жетті. Эріне, мундай сәтте өзге де үйлардың қолдауы қажет-ақ.

Осы орайда, Маңғыстау соттарының Қазақстан халық Ассамблеясының Аналар кеңесінен бірлесе отырып атқарған жұмыстарының бір бөлшегіне тоқтағанды жөн санаймын. Оның ішінде, мындаған неке бұзу бойынша жүгінген азаматтардың отбасын сақтап, өнірде дауларды сотқа дейін шешу бағытында атқарылған жұмыстарды атап еткен жән. Алдымен Маңғыстау облысы Қа-

закстан халық Ассамблеясы ғимаратында арналы «Отбасы орталығы» және Жаңаағен қаласының АХАТ бөліміні ғимаратында отбасылық кеңес беру кабинетін ашып, медиатор, психологиярдың жұмыс істеуіне жол салдық. Медиацияны жүргізу бойынша медиаторға берілетін сыйақы сомасы еркіті түрде белгіленеді. Сондықтан, тәжірибелі азаматтардың медиатордың қызметінә ақы төлей алмайтын кеңдері кездесіп жатады. Түтеп келгенде, медиатор қызметтің коллежтіміздігі таралтардың мемлекеттік бажды ғана төлең, сотқа жүгінүне алып келеді. Қебіне талап қоюшылар медиаторға барып ақы төлегенше, сотта тегін бітімге келгенде артық көреді. Ал, біздің жоғарыда атап көрдің орталықтарда психолог, медиаторлар келушілереп тегін қызмет көрсетеді. Бәрі қалтадағы қаржыға тірелетіндіктің, таралттар үшін бұл таптырмас мүмкіндік беріп отыр. Себебі, отбасын сақтап қалу мақсатында таралтарға және балаларға алдымен психологиялық көмек аудай қажет.

(Соңы 3-бетте)



САРАП

# НЕКЕ БҰЗУҒА НИЕТТІЛЕРДІН КӨПТІГІ АЛАНДАТАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал, медиаторлар ажырасамын деген жүптарды татулыққа шақырып, түсіндіру жұмыстарын тоқтасыз жүргізіп келеді. Нәтижесінде, соттар Аналар кеңесімен бірлесе отырып, 2023 жылдың 9 айында 174 дау бойынша татуластыру келісімін жасап, 415 рет кеңес беріп, 48 іс-шара өткізді.

Өзара ынтымақтастықты нығайту мақсатында 2022 жылы наурызда Маңғыстау облыстық сотының бастасымен облыстық сот Маңғыстау облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылымдары; аналар, медиация, Билер, Ардагерлер кеңестері, Ассамблея жастары және этномәдени орталықтарымен отбасы және неке, құқықтың мәдениет мәселе-лерінде халықтың білімін арттыру, отбасылық өмір құndылықтарын насиҳаттау, дауды сотка дейін реттеу бағытында меморандумға қол қойды.

Ал, 28 желтоқсан 2022 жылы Маңғыстау облысының әкімдігі мен Маңғыстау облыстық соты медиация және азаматтық қоғамдағы өзге де татуласу үрдістері саласындағы өзара ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойып, «Маңғыстау медиаторлары» ҚБ құрып, құрамын бекітті. Қос меморандум аясында міндетті тәрбие беру бағдарламасын әзірлеу, ажырасу сатысындағы отбасыларға құқықтық және психологиялық аспектілерді, ерлі-за-

устел, пікірталас аландар түрінде кездесулер, тренингтер өткізіп келеді.

Мемлекет басшысы ағымдағы жылдың 27 наурызында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процестік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Түзетулермен, оның ішінде балалардың мұдделеріне қатысты заңдардың жекелеген ережелері нақтыланыды, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың (ювеналды соттар) құзыретіне азаматтық істердің бірқатар санаттары берілді.

Осылайша ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап жасөспірмеге қатысты істердің барлығы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сотта қаралуда. Неке бұзу, жалпы кәмелетке толмағандармен байланысты дауладардың толығымен ювеналды соттардың қарамағына берілуі де елімізде ата-ана, баланың құқықтарын қорғаудың басты орында тұрғанын жөніндегі соттардың жеке-жеке шақырып, татуластыруға мүмкінгі бола бермесі анық. Оның үстінде тұрмысқа шықпаған немесе



**Гулажар БАҚЫТЖАНОВА,  
Маңғыстау облыстық сотының  
азаматтық істер жөніндегі  
сот алқасының төрағасы**

үйленбеген судьялар да бар арамызда. Ол әріптестерімізге неке бұзу бойынша даулар қындық туғызып жатады.

Сондықтан, Азаматтық кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып, осында дауларапта сопта дейінгі міндетті медиацияны енгізу қажет деп білемін. Себебі, бір ауыз сөзге токтаған халықтың үрпакы емеспіз бе?! Ертеде ұлы дааланың ұлы халық сотсыз-ақ би-шешендердің көмегімен ел ішіндегі дауларапта сыртқы шығармай шешіп отырған. Оған кешегі өткен Қазыбек, Төле, Әйтке билердің үрпакта қалдырған аманат жазбалары күн. Міне, араға бірнеше жыл салып, руханы қайта жаңығыран медиация үғымы санауда уақытын ішінде өміршендігін көрсетеп берді. Мысалы, 2020 жылы барлық түсken азаматтық істер бойынша талап қоюлар 10548 болса, татуласумен аяқталғаны 2946. 2021 жылы – 9998/3425, 2022 жылы – 9398/4456, 2023 жылдың 9 айында – 6518/3175.

Президент Қ.Токаев кешегі өткен түркі мемлекеттері үйымының X саммитінде сегіз мәселеге басымдық берілетінін атап өткен еді. Байқап қарасаныздар, аталған сегіз мәселенің ішінде медиация мен салт-дәстүр бар. Сондықтан, медиацияны жан-жакты дамытып, бәріміз дау-жанжалдарды бітігершілікпен аяқтауға мүдделелік танытуға тиіспіз.

Алимент өндіріледі, ерлі-зайыптылар арасындағы мүлік бөліске түседі. Мұның барлығы сотта қаралып, шешімін табатындықтан, бұл үзак мерзімге созылады. Үсті-үстінен іс қаралған жүктемесі көп сұдьяның мұндағы істердің қарап, тараптарды жеке-жеке шақырып, татуластыруға мүмкіндігі бола бермесі анық. Оның үстінде тұрмысқа шықпаған немесе

ЖЕГІКҮРТ

# ЖЕМҚОРЛЫҚКА ҚАРСЫ КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ



Биылғы жылдың 10 айында елімізде сыйбайлас жемқорлық санатындағы бір жарым мыңда жуық құлымыстық іс тіркелген. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл агенттігінің таратқан мәліметі бойынша осы салада 1100-ден астам адамның құлымысы әшкерелген, олардың 158-і артүрлі деңгөдегі басшылар. Сотқа 1 мыңдан астам іс жіберілді, олар бойынша 282 миллиард теңге залал мемлекетке өндірілген.

Былтыр халықпен кездесу кезінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Еліміздің дамуына кедері қеңтіріп отырған кеселдің бірі – сыйбайлас жемқорлық. Онымен күресу – баршамызы ортақ міндет. Бұл бағытта соңғы үш жылда біраң шаруа атқарылды. Мысалы, осында құлымысы үшін сottalғандарды мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға тығыз салынды. Бұдан былай олардан қайтарылған қаржат мектеп салуға жұмысады. Жемқорлықпен күрес тиімді болу үшін мемлекеттік сатып алу жүйесіне бірқатар өзгеріс енгізілді. Сондай-ақ, құзырлы орган басшыларының жаупкершілігі артты. Бір сөзben айтқанда, жемқорлықпен күрес ешқашан токтамайды, жалғаса береді. Сондаға біз осы індепттен таза қоғам құрамыз. Бұл – менін стратегиялық максатым», – деген болатын.

Елімізде сыйбайлас жемқорлық құлымыстарының көпшілігі мемлекеттік сатып алушармен немесе осы бағытта жұмыс істеп жатқан мердігер компаниялардың құлымысымен байланысты екендігі жасын емес. Тендердің тетігін ұстап отырған шенеуніктер паралықтарды, «откат» талап етеді.

Соңғы бір-екі аптаның көлемінде акпарат құралдарында, алеуметтік желіде тендерде жеңіске жеткен мердігер компаниюның басшысынан ірі көлемде пара талап етіп, сол үшін былтыр ұзак жылға сottalып кеткен Кентау қаласының бұрынғы әкімі Дәурен Махажановқа қатысты маселе қызу талқыланын жатыр. Экс-әкімнің ісіне қатысты өткен-кеткен жайттарды еске түсіріп көрсек.

Дәурен Махажанов Кентау қаласын әкімі қызметіне 2019 жылдың сәуірінде тағайындалған болатын. Қөргені көп, түйгені мол шенеунік десек қателеспейміз. Еңбек жолында Павлодар облысы әкімінің орынбасары, оның алдында Ауыл шаруашылығы министрлігі құрамындағы мекемелерде басшылық қызметтерді атқарған.

Құзырлы органдарға паралықтардың арызданған «VIP Stroy Company» серіктестігінің директоры О.Артықалиевтің сотқа берген жауабына қарағанда, 2019 жылы ол Л.Борышев деген кәспіктермен танысады. Ол Кентау қаласындағы жол жөндеу жұмыстарына қатысуға шақырған. Осы мақсатта Борышев Артықалиевтің Кентау қаласының әкімі Махажанов мен таныстырыған. Жол-жөндеу жұмыстары мемлекеттік-жекеменшік әрпіттестік жобасы аясында жүзеге асқан. Көлісім бойынша мердігер құрылышқа қажетті ақшаны өзі шығарды, ал мемлекет бұл шығындарды бес жыл бойы бөліп төлем құтылатын болған. Борышев осы қаржаттарды кедергісіз аударайып отыру үшін Артықалиевтің 50 миллион теңге сұраған. Ол оның 40 миллионы әкім Махажановқа, 7,2 миллионы А.Евниев деген азаматқа берілтінін, ал 2,5 миллион теңгесінде қалатынын айтқан.

2020 жылдың наурызында Артықалиевтің фирмасы тендерде жеңіске жетіп, облыстық Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары баскарасымен, сонымен бірге Кентау қалалық Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінен көлісімшартқа отырады. Жобаның

дақыл драманың финалына да келіп жеттік.

...Сол күндері Дәурен Махажанов мазасында құй кешкен. Ол тірлікten дұрыс бағытта жүріп жатпағанын сезген сияқты. Әлденеден күдіктенген. Сенім білдірген адамдарының әрекеттерінен секем алған. Әсірсе, ол ақша алғы келуге жіберген Тұймебаевтың достарға арналған ортақ чаттан шығып кеткенін қатты сезіктенеді. Сотта берген жауабына қарағанда, ол өзінің досы, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Кентау қалалық бөлімінің бастығына кіріп, оның үялы телефон арқылы Тұймебаевпен сөйлескен. Не сөйлескендегі белгісі. Шамасы ол істіт насырга шашқанын түсінген. Осыдан кейін деруе еңбек демалысына шығып кеткен. Антикордың қызметкерлері оны 24 ақпанда үйнен келіп ұстаған.

Пара алу құлымысы соңына дейін жетпегендіктен Д.Махажановтың ісі сотқа «аса ірі көлемде паралы алуға оқталу» бабымен түскен. Сотта экспекім өзінә тағыланған айыптаулардың ешқайсысын мойындаған. Ол тендерлік комиссияға ықпал етеді алмағанын, қабылдау құжаттарына қол қоюға құзыры болмағаны алға тартқан. Сот оны жогарыдағы бап бойынша кінәлі деп тауып, 10 жылға бас бостандығынан айырды. Ал парага дедалдың жасаған Л.Борышев 1 жылға, Тұймебаев 1,5 жылға бас бостандығынан айыруға сottalды.

Тамызда апелляциялық алқа Махажановтың берген шағымын қанағаттандырысыз қалдырыды. Үкім өзегеріссіз қүшіне енді.

Ал енді биыл шілдеде Жоғарғы Сот Махажановтың ісін қайта қараған. Сотқа кассациялық арызды Бас прокурор Берік Асыловтың ізі берген. Сот Махажановтың ісін Құлымыстық кодекстің 190-бабы 4-бөлімінің 2-тarmaғымен (аса ірі көлемде алайқылық жасау) қайта саралап, 5 жылға бас бостандығынан айыру жасасын тағайыннады. Қыркүйектің басында Қонаев қалалық соты Махажановтың ісін тағы қарап, оны 2 миллион теңгеге жетпейтін айыппулмен босатқан.

Алайда жуырда Алматы облыстық сотының апелляциялық инстанциясы Кентау қаласының бұрынғы әкіміне қатысты жазаның етелмеген белгін негұрлым женіліне ауыстыру туралы Қонаев қалалық сотының шығарған қауысының қүшін жойды. Сотқа осы жөнінде талап арызы прокуратура берген.

«Прокурордың талап-арызы қанағаттандырылды. Сот үкімі орындау үшін Астана қаласының полиция департаментіне жіберілді. Бүгінгі таңда Махажанов жазасын одан әрі етеге үшін КР ІІМ құлымыстық-атқару жүйесі комитетінің №64 мекемесіне жеткілгендегін хабарлаймыз», – делинг Алматы облыстық сотының хабарламасында.

Жалпы, Кентаудың әкімінің ісі қоғамда үлкен резонанс тудырды. Былтыр тамызда Махажановқа шығарылған үкім қүшіне енген соң Түркістан облысының әкімі Өмірзак Шөкеве отставкіге кетті. Облыс тізгінін бұдан кейін қолға алған Дархан Сатыбалды сыйбайлас жемқорлықпен күресте баса назар аударды.

Был Түркістан қаласы тұрғындарымен өткен кездесуде өнір басшысы: «Облыста сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бірінші адам – менин. Азamatтардың заңға сай өмір сүруіне біз де мүдделіміз. Жемқорлыққа жол берген басшылар мен мемлекеттік қызметшілер міндетті түрде жұмыстын босатылады. Ал жалпы жемқорлықпен қояғ болып күрсіміз керек. Параңы алушы да, бेруші де жауапты екенін білесіздер. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес токтамайды, – деген болатын.

Айтса айтқандай, жемқорлыққа қарсы күрес тиімді болу үшін нақты шаралар қолға алынды. Соңғы бір жылдың көлемінде облыста қармағындағы қызметкерлерінің жемқорлық құлымысы үшін біраз аудан басшылары отставкіге кетті. Жемқорлыққа қызметшілерінен жол берген басшарма басшысы қызметтінен босатылды.

## АЙМАҚ

ОРТАҚ МУДДЕ

Тұркістан облысының полицейлері шымкенттік тұрғыннан Қызыл кітапқа енген он шақты құс тәркіледі.

Тұркістан облыстық Полиция департаментінің харбауынша, тәртіп сақшылары тінту кезінде күдіктіден Қазақстаның Қызыл кітапқа енгізілген құстардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі тәнген 10 түрін тапқан.



## ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА ЕНГЕН ҚҰСТАР ТӘРКІЛЕНДІ

Ер адамнан балобандар мен қарабауыр үлдірілген. Күдікті құстарды женіл көлікпен тасымалдаған. Жағдайды одан әрі анықтау үшін ұсталған адам Полиция департаментінің харбауынша үлдірілген. Қазіргі уақытта Қылымыстық кодекстің 339-бабы 1-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр. Бұл бап есімдіктердің немесе жаунарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі тәнген, сондай-ақ пайдалануға тыымын салынған түрлірімен, олардың белгілітерінемесе дериваттарымен заңсыз айналысқандарға жаза белгілеудің көздейді. Құлымыс әшкерелгенен кейін жабайы құстар Шымкенттің мемлекеттік хайуаннатор бағына берілді.

Сондай-ақ, түркістандық тәртіп сақшылары Жетісай ауданынан аулағында заңсыз жер қойнауын пайдаланумен айналысқан Түркістан облысы мен Шымкент қаласының 4 тұрғынын анықтады. Олардан 1 жұқ тиегіш және «Хово» маркалы 12 жұқ автокөліттер тәркіленді. Автокөліттер тұраққа қойылды.

Қазіргі уақытта олардың құмды заңсыз өндіруге қатысы бар екендігі дәлелденді, ал келтірілген шығын шамамен 32 миллион теңгегін құрады. Осы жағдайға орай Қылымыстық кодекстің 334-бабы 2-бөлігі бойынша (жер қойнауын өз бетінше пайдалану) сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде. Құлымыр орган тарапынан арнағы сараптама тағайындалды.

Түркістан облысының полицейлері жер қойнауын заңсыз пайдалану және табигат қорғау заңнамасының талаптарын бұзу фактілерін анықтау мен жолын кесу бойынша жедел-профилактикалық іс-шараларды жағастыруды.

## ПӘРМЕҢ



## «КОРҒАУ» БОРЫШКЕРЛЕРДІ АНЫҚТАЙДЫ

Биылғы жылдың сәуір айынан бастап Түркістан облысының аулағында «Қорғау – қауіпті жүргізуши» бағдарламасы жұмыс істеп келеді. Аталаған бағдарлама «Сергек» камераалары арқылы тәртіп сақшыларына жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен жол қозғалысы ережелерін бұзудың алдын алуға бақылау жүргізуге көмектеседі.

Мәселен, «Қорғау» мобильді қосымшасы республикалық маңызы бар жолдарда қызмет атқарытын Түркістан облысы патрульдік полиция баталоны қызметкерлерінің планшеттері мен қала сыртындағы трассаларда орналасқан «Сергек» камерааларына қосылған. Бұл жол қозғалысы ережелерін бұзушылар мен борышкерлерді анықтау бойынша жұмыстың жеңілдегіде.

Мысалы Түркістан облысы Полиция департаменті жедел басқару орталығына «Қорғау» бағдарламасы арқылы «Мерседес Бенц» автокөлігіне дабыл келіп түсті. Оnda көлік иесінің 5 миллион теңгеге жуық қарызы бары көрсетілген. Кезекші деруе патрульдік полиция қызметкерлерін көлік құралын анықтауға және тиисті шаралар қабылдауға бағыттады. Тәртіп сақшылары аталаған автокөлік «Шымкент-Самара» тас жолында тоқтатып, айыппұраққа қойды. Автокөлік иесімен түсінірме жұмыстары жүргізіліп, қарызыда үақытылы өтлеу қажеттігі ескертілді.

Жалпы полицейлер 6 ай ішінде «Қорғау» бағдарламасының көмегімен айыппұлыны төлемеген жүргізушилдердің 500-ден астам көлік құралын анықтаған. Мұндағы кешенді шаралар аймактасты құқықтың бұзушылықты азайтып, азamatтардың жаупатылығын арттыра түсері ақиқат.

ТҮЛГА

# ЖАҚСЫ АДАМДАР ЖАЙЛЫ ЖЫР ТАУСЫЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Білік мансап, бақ-дәулетті, айналасы көрсететін кошемет-құрметті көтере алмай жаттындар барышылар. Ал, Аманжол аға осының бәрін көрді, бірақ, болмысы өзгерmedі. Ағамыздың өмірінде айнымай үстансам деген өз жолы болды.

Тоқтықта да, аштықта да, лауазымын бийгінде де, зейнетке шыққаннан кейін де адамдық, азаматтық келбетін жогалтпаган, қанмен берілген жақсы қасиеттерінен айнымаған бірден-бір жан осы Аманжол Қасабекұлы десем,

артық айтқаным емес. Менің жадыма алғаш көргендегі сол баяғы Аманжол ағаның бейнесі тұрады...

Адамды абырай есіреді, өркендеді. Ал, ол қалай келеді? Бұл тұралы небір өмір тәжірибелері толысқан азаматтар абырай адаптациялық жогалтпаган, қанмен берілген жақсы қасиеттерінен айнымаған бірден-бір жан осы Аманжол Қасабекұлы десем,

Алатрудың баурайындаға табиғаты тамаша шағын фана ауыл Бостанды дүниеге келген бала ұлағатты үстаз, данагөй ғалымға айналды. Арман құған қаршада қазақ баласы 1964 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеттін ғылыми философия факультетіне оқуға туғызылды. Кейіннен еңбек жолын 1969 жылы жолдамамен Жамбыл педагогикалық институтында аға оқытушы қызметінен бастап, үстаздықтан белек, партбюро институтында хатшы, облыстық қәсіподақ комитетінің мүшесі болды. 1977 жылы адамзат қызметінің тарихи-философиялық мәселелері бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады.

1989 жылы әлеуметтік қызметтің теориялық-әдіснамалық мәселелері бойынша докторлық диссертация қорғады, 1991 жылы профессор атағына ие болды. Аманжол Қасабекұлы жастайынан талай асулады алып, белестерді бағындырыды. Қалтарысы мен бұлтарысы көп мына өмірде ешuaқта, ешбір қындыққа мойынады. Маратап-мадақтама-

дан да кенде болмады. Бірқатары, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалі, «Ғылымның жетістіктері мен дамуы үшін», «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл», «Әл-Фарағи атындағы Қазак Ұлттық университетінің 80 жылдығы», «Қазақстан Конституциясына 25 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерейтойлық медальдарымен және көптеген грамоталармен мрапатталған. Талдықорған қаласының құрметті азаматы.

Еңбектерін атап өтсек, «Әлеуметтік қызмет және әлеуметтік таным», «Қазақ философиясы», «Философия тарихы», «Шығыс философиясы», «Философиялық танымның жеке сипаты», «Ғылым философиясы», «Құқық философиясы», «Тұлғаның жеке танымы» және т.б. монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарының авторы.

Аманжол Қасабекұлы жәндей қызметтің атқармасын, қандай біктін көрінбес алдымен өз көсібінің білгір маманы, мықты басшысы ретінде таныла білді. Ұақытысында екінің бірі бара бермейтін философия ғылымы саласындағы тұнғыш докторлардың бірі атанды. Көптеген ғылыми қызметтер атқарды. Білгеніндегі өзгелерге үрету де өмірдің занылығы демекші, үстаздық етіп, талай шәкірт те тәрбиеледі. Қай ортада, ұжымда болмасын, сыйлы, абырайлы болды.

Адамның адам бол қалыптастына, есіп-өнүне оның ортасы,

аралас-құраласқан адамдары, сыйласқан кіслері көп есеп ететін рас. Осы тұста сез зергері Фабит Мүсіреповтің: «Тұла бойы тазалықтан фана, бауырмалдықтан фана, айнымас, бұлжымас мейірімділікten фана жаралғандай» жан еді деген тұжырымы ағамызға арнап айтылғандай еді.

Аманжол Қасабекұлының досы көп болатын. Досы дейміз-ау, өзі үлкенде де, кішін де анғал мінезімен дос көретін, көптің ортасын ұнаттын. Жасынан тазалықпен көзін ашқан ол ешкімнің ала жібін аттамады. Бұл кезекті бір қызыларма қызыл сөз емес. Біз Аманжол ағамен аралас-құралас болғандағы оның бойынан байқағанымызды фана айтамыз. Ағаны үстаздары, әріптерлер, қарамағында істеген қызыметтері, сыйлас болған өзге де кіслер ыстық ықыласпен еске алып отырады. «Бүгінгідей биікке жеткенім үшін қазақтың осы біртуар азаматына, асыл үстазыма қарыздармын» деп отырады.

Өмірлік үстаз бола білген ағамыз жарық дүниеден кеткенше, басынан бағы таймаған адам. Әрине, бұл жалғанда торт құбыласы түгел болған пенде сирек. Алайда тірлікten лаззаты отбасында дейтін болсақ, Аманжол ағамыз бұл жағынан да бақтырып жан болатын.

Өмірлік жарық философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Алиkenova Kулпан – елдің елеулі қызы, ұлағатты үстаз, аяулы ана, асыл жар бола білді. Кулпан Нұргазықызының сөйлеген әр сөзі төгілген маржанмен тен, ішкі дүниесінде алғаусыз. Оның болмысы қай адамды да тәлім мен тәрбиеге шақырып тұрғандай. Ал, сыртқы көркем келбеті мен ішкі әлемінің астасы әрине сирек кездесетін адами болмыз.

«Жақсы адам – Алланың нұры» дейді. Өресі биік, кішілік пен кіслікten аттамаған жандармен қызыметтес болып, бір дастарқанда дәмдес болғанымды – тіршілікегі нұрлы бір кезеңі десем болады...

Ағамыз Аманжол Қасабекұлы жәндей үзак әрі жан-жақта айта бे-руғе болады. Жақсы адамдар тұралы әнгіме ғылыми қызы –! Таусылмайды да! Аманжол аға тұралы мерзімді басылымдарда мақалалардың жиі жарық көрүү заңдылық. Ардақты ағамыз көзі тірі болса сексеннің сенгіріне шығар еді, ол кісі тұрасында жарыса жазатындар тілті кебейтінне сенімдімін. Әүріс-ақ, Аманжол аға секілді кіслер тұралы қанша жазылып, айтылса да артықтық етпейді. Әйткені, асыл адамның, ғалымның, ұлағатты үстаздың өмір жолы көпке, әсіресе жастарға үлгі-әнеге. Балқім, асыл адам айнымас деген осы шығар.

Аманжол Қасабекұлы тірісінде – табындыратын, жоғында сағындыратын – қайталанбас тұла! Үстаздың жүріп өткен осына өмір белестеріне зер салсақ, тағылымға толы. Мақтага емес, мақтануға тұрарлық өнегілі өмір жолы...

**Ләззат ЕРКІНБАЕВА,  
әл-Фарағи атындағы ҚазҰУ-  
Академиялық мәселелер  
бойынша Басқарма  
мүшесі-Проректор,  
з.ғ.д., профессор**



**Айдана ЭБДҮЕЛИЕВА,  
Ақтөбе облысы  
мамандандырылған  
ауданаралық экономикалық  
соты қенесінің бас маманы – сот  
мәжілісінің жатшысы**

және Қазақстандықтар ешкімнің жерін көз салмайды, бірақ өз жерінің бір сантиметрін де ешкімге бермейді. Мұндай істердің орындалуы – ерекше тарихи жетістік. Айта берсек 32 жылда жеткен еліміздің жетістігі өте көп. Дегенмен, бұл жетістіктеге жеткеде еліміз көп қызыншылықты көргенін ұмытпағанымыз жөн. Қазақстан тарихында бұл күн ешқашаңда ұмытмайтын, бақытты бағасымен халқындызын есінде мәнгілік сақталып қалары анық.

Тәуелсіздік алғандағы алғашқы әрекеттердің арасында мемлекеттермен шекаралары белгілеп алу, Конституциямызды бекіту бар еді. Ата Заңымызға сәйкес Қазақстан

аралас-құраласқан адамдары, сыйласқан кіслері көп есеп ететін рас. Осы тұста сез зергері Фабит Мүсіреповтің: «Тұла бойы тазалықтан фана, бауырмалдықтан фана, айнымас, бұлжымас мейірімділікten фана жаралғандай» жан еді деген тұжырымы ағамызға арнап айтылғандай еді.

Аманжол Қасабекұлының досы көп болатын. Досы дейміз-ау, өзі үлкенде де, кішін де анғал мінезімен дос көретін, көптің ортасын ұнаттын. Жасынан тазалықпен көзін ашқан ол ешкімнің ала жібін аттамады. Бұл кезекті бір қызыларма қызыл сөз емес. Біз Аманжол ағамен аралас-құралас болғандағы оның бойынан байқағанымызды фана айтамыз. Ағаны үстаздары, әріптерлер, қарамағында істеген қызыметтері, сыйлас болған өзге де кіслер ыстық ықыласпен еске алып отырады. «Бүгінгідей биікке жеткенім үшін қазақтың осы біртуар азаматына, асыл үстазыма қарыздармын» деп отырады.

Өмірлік үстаз бола білген ағамыз жарық дүниеден кеткенше, басынан бағы таймаған адам. Әрине, бұл жалғанда торт құбыласы түгел болған пенде сирек. Алайда тірлікten лаззаты отбасында дейтін болсақ, Аманжол ағамыз бұл жағынан да бақтырып жан болатын.

Өмірлік жарық философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Алиkenova Kулпан – елдің елеулі қызы, ұлағатты үстаз, аяулы ана, асыл жар бола білді. Кулпан Нұргазықызының сөйлеген әр сөзі төгілген маржанмен тен, ішкі дүниесінде алғаусыз. Оның болмысы қай адамды да тәлім мен тәрбиеге шақырып тұрғандай. Ал, сыртқы көркем келбеті мен ішкі әлемінің астасы әрине сирек кездесетін адами болмыз.

«Жақсы адам – Алланың нұры» дейді. Өресі биік, кішілік пен кіслікten аттамаған жандармен қызыметтес болып, бір дастарқанда дәмдес болғанымды – тіршілікегі нұрлы бір кезеңі десем болады...

Ағамыз Аманжол Қасабекұлы жәндей үзак әрі жан-жақта айта бе-руғе болады. Жақсы адамдар тұралы әнгіме ғылыми қызы –! Таусылмайды да! Аманжол аға тұралы мерзімді басылымдарда мақалалардың жиі жарық көрүү заңдылық. Ардақты ағамыз көзі тірі болса сексеннің сенгіріне шығар еді, ол кісі тұрасында жарыса жазатындар тілті кебейтінне сенімдімін. Әүріс-ақ, Аманжол аға секілді кіслер тұралы қанша жазылып, айтылса да артықтық етпейді. Әйткені, асыл адамның, ғалымның, ұлағатты үстаздың өмір жолы көпке, әсіресе жастарға үлгі-әнеге. Балқім, асыл адам айнымас деген осы шығар.

Аманжол Қасабекұлы тірісінде – табындыратын, жоғында сағындыратын – қайталанбас тұла! Үстаздың жүріп өткен осына өмір белестеріне зер салсақ, тағылымға толы. Мақтага емес, мақтануға тұрарлық өнегілі өмір жолы...

**Ләззат ЕРКІНБАЕВА,  
әл-Фарағи атындағы ҚазҰУ-  
Академиялық мәселелер  
бойынша Басқарма  
мүшесі-Проректор,  
з.ғ.д., профессор**

ПІКІР

## ТІЛІ ӨЛГЕН ЕЛ – ТІРІ ӨЛГЕН ЕЛ

Қазақ дәстүрі тек ата-ананыға емес, жалпы адамды сыйлауға баулиды және өзге тілмен қатар, өз тіліңе құрметпен қарауды талап етеді. Тіл өлгендегі – тірі өлгендегі, демекші, ұлттымыздың басты құндылығы – ана тілі. Оны қадарап, сақтауымыз қажет.

Тіл – ана тілі атануы үшін, ол құнделікті емірде ұдайы қолданыста болуға тиіс. Ал, біздің заманымыз жазу заманы: жазумен сейлесу, ауызбен сейлесуден артық дәре-жеге жеткен заман. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің көркегі тірі өлгендегі – тірі өлгендегі, демекші, әлемнің өлімінде сөз алmasы үшінде жазуға тиілімдегі жаңа тілде өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті.

Ақмарал АЛИЕВА, Ақтөбе қаласы №2 сотының судьясы

жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу үшінде жаңа тілде жазуға тиілімдегі жаңа тілде ойлау қауіпті.

ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Сот екімшілігі Республика-дағы сот жүйесінің құжығындағы нормативтік қауысының (әрі қарай-Нормативтік қауысы) 11-1-бабына сайкес, сот процеске қатысушылардың тілніштаты бойынша





